

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
үлгілік оку бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оку жылына ариалған үйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру үйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)

Топ: органды топ

Балалардың жасы: 3 жастан.

Жоспардың кұрылу кезеңі: караша айы, 2023-2024 оку жылы.

Айы	Үйымдастырылған іс-әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Караша	Дене шынықтыру	<ul style="list-style-type: none">- дене жаттығуларын орындауга қызығушылықтарын ояту;- негізгі кимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, лактыру мен қағыш алу, еңбектеу мен өрмеледі орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру;- мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;- қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру, дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу;- денсаулықты нығайтуға ықпал етегін дене сапаларын: ептілік пен шапшандықты дамыту;- құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара он қарымқатынас жасауға баулу;- спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету. <p>Тепе-тендікті сактау. Тепе-тендікті сактай отырып, бір қырымен қосалқы кадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр), арқан бойымен жүру, тұра жолмен,</p>

бір-бірінен 10 сантиметр кашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен журу.

Жалпы дамытушы жаттыгулар.

Кол және иық белдеуіне арналған жаттыгулар:

- колды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);
- заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру;
- колдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау;
- қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары карату, қолды көтеру, түсіру, саусактарды қозгалту, кол саусактарын жұму және ашу.

Дербес қымыл белсенділігі.

Қымылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобилдер, велосипедтер, донтар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелей, енбектеу дағдыларын, ешілікті, жылдамдықты дамыту, қымылдарды мәнерлі орындауға баулу.

Спорттық жаттыгулар.

Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тұра, шенбер бойымен, онға және солға бұрылыш тебу.

Жүзу және гидроаэробика элементтері. Суға тұсу, жүгіру, ойнау, суда билеу. Жүзуді үйрету (тиісті жағдайлар болған кезде).

Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.

Өзіне-озі қызмет көрсету дагдылары.

Өзіне-озі қызмет көрсетуге деген үмтүлсынын колдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішү күралдарын орнымен колдануға баулу.

Салауатты өмір салты дагдыларын қалыптастыру.

Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, кулак, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтүге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Денсаулықтың күндыштық туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. Адамның денсаулығына пайдалы (көгеністер, жемістер, сұт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Дене белсенділігі (таңертенгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және кимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу.

Сауықтыру-шынықтыру шаралары.

Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзактығын қамтамасыз ету. Серуенде

	<p>кімділды ойындар мен дене жаттығуларына катысуга кызыгушылықты арттыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын камтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау.</p>
Сөйлеуді дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; - түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; - әрбір баланың кызыгушылығына мән беру, сұраптарына жауап беру, жеке сөйлесу. <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Дауысты (а, ә) және кейбір дауыссыз (п-б, к-к) дыбыстарды анық айтуда, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айтуда.</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, карама-карсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p>

Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге колдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және откен шақта колдану.
Байланыстырып сөйлеу.

Суреттерді, заттарды қарастыруды, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тындағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуга үйрету.

Көркем әдебиет	<ul style="list-style-type: none">- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты қалыптастыру. <p>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тындау.</p> <p>Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуга үйрету.</p>
Қазақ тілі	<ul style="list-style-type: none">- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету;- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу. <p>Тілдік дамытушы орта.</p> <p>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасаудың жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі</p>

сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әнгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды карауга, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сынайы сөйлеу әдебін сактауга, курдастарын есімімен толық, дұрыс атауга баулу.

Сөйлеудің дыбыстық мәденинеті.

Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тындау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуга баулу.

Сөздік қор.

Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаган орта заттары мен табигат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Жануарлардың, торт түліктің атауларын айтуды және түсіну дағдыларын қалыптастыру.

Тілдің грамматикалық құрылымы.

Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпші түрде қолдануга үйрету. Бүйрек райлы етістіктерді жекелей қолдануга баулу (бар, кел, айт).
Байланыстырып сөйлеу.

Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін менгерту, балалардың өздерінен айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сактау, әнгімелессе білуге баулу.

- бақылау арқылы қоршаган орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету;
- заттарды зерттеуге қызыгушылықты ояту, жағаны тануға, өзіне сенімділікке баулу;
- командада жұмыс істей білуге дағыландыру;
- көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту.

Сан.

«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаган ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру. Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тен және тен емес заттар тобын салыстыру, «Тен бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.

Коршаган ортамен таныстыру	<ul style="list-style-type: none"> - балаларды қоршаган ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету; - отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуга тәрбиелу; - еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелу, көмек көрсету ниеттерін колдау; - тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту; - табиғатта қауіпсіздікті сақтау (санырауқұлактар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу);
----------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

	<ul style="list-style-type: none"> - күммен, сумен, кармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, күмді шашпау, заттарды құлакқа, мұрынга тықпау); - табиғатқа сүйіспеншілікке және камкорлық жасауға баулу.
Құрастыру	<ul style="list-style-type: none"> - қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, кез бен колдың үйлесімін дамыту. <p>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылым болшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, ұшбұрыштар, призмаларды ажыраты білуге, атауға және колдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсөу, бекіту, кою колдана отырып, жаңа ғимараттар салу.</p>
Сурет салу	<ul style="list-style-type: none"> - бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауды мен қиялдаудын дамыту; - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым катынас орнату; - бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, үйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру; - казақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-колданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу;

- бейнелеу әрекеті барысында кауіпсіздікті сактауга және енбеккорлыққа, ұқыптылыққа баулу.

Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды катты кыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуга ақырын батыруды, алғынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап сұға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлышкен сұртіп кептіруді үйрету.

Мұсіндеу

- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусакпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) тандауға мүмкіндік беру;
- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру;
- өнер туындыларына, коршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу.

Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мұсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).

Жапсыру

- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусакпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) тандауға мүмкіндік беру;
- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру;

- өнер туындыларына, қоршаган шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу.
Желімдеудің техникасын үйрету: желімді кылкаламға, мұжият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сұртуғе майлышты колдану.

Музыка

- музыкаға қызығушылықты калыптастыру, шығармашылық ойлауы мен киялдауын дамыту;
- казақ халкының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру;
- өнер туындыларына, қоршаган шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу.